

1995 жылғы 3 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ортақ ғылыми-технологиялық кеңістігін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 264 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 16 наурызда Мәскеу қаласында жасалған 1995 жылғы 3 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ортақ ғылыми-технологиялық кеңістігін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырудар енгізу туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

1995 жылғы 3 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ортақ ғылыми-технологиялық кеңістігін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

1995 жылғы 3 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ортақ ғылыми-технологиялық кеңістігін құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің Үкіметтері,

ғылыми-технологиялық саясат саласында келісілген саясатты жүргізудің қажеттілігін тани отырып, сондай-ақ:

- Ғылыми-технологиялық даму жөніндегі Мемлекетаралық комитетінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Атқарушы комитетімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

- 1999 жылғы 2 сәуірдегі ТМД органдары құрылымдарын жетілдіру және қайта қалыптастыру туралы Мемлекеттер басшылары кеңесінің шешімін іске асыру ма қ с а т ы н д а ,

төмендегілер туралы келісті:

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ортақ ғылыми-технологиялық кеңістігін құру туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) және 1995 жылғы 3 қарашадағы Ғылыми-технологиялық даму жөніндегі Мемлекетаралық комитет туралы ережеге (бұдан әрі - ҒТД МК туралы ереже) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1.1. Келісімнің 5-бабының 1-тармағындағы "Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық комитеті (МЭК)" деген сөздер "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесі" (бұдан әрі - ТМД Экономикалық кеңесі) деген

сөздермен

ауыстырылсын.

1.2. Келісімнің 5-бабының 2-тармағындағы "МЭК арқылы" деген сөздер "белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын.

1.3. Келісімнің 5-бабының 3-тармағының 2-абзацындағы "ғылыми-техникалық ынтымақтастық мәселелеріне жетекшілік ететін МЭК Алқасы төрағасының орынбасары" деген сөздер "ғылыми-технологиялық ынтымақтастық мәселелеріне жетекшілік ететін ТМД Атқарушы комитеті - Атқарушы-хатшысы төрағасының орынбасары" деген сөздермен ауыстырылсын.

1.4. Келісімнің 5-бабының 3-тармағының 3-абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Ғылыми-технологиялық ынтымақтастық саласындағы құжаттар жобаларын қарау кезінде кеңесші дауыс беру құқығымен ҒТД МК-нің төрағасы, алмастыру принципі негізінде сайланатын немесе оның тапсырмасы бойынша ҒТД МК мүшелерінің бірі ТМД Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиясы мәжілістеріне қатысады."

1.5. Келісімнің 5-бабының 4-тармағының "Осыған байланысты МҒТК туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады. Тиісті ұсыныстарды дайындау" деген сөздер "МҒТК туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар жөнінде ұсыныстар дайындау".

1.6. Келісімнен 6-бап алынып тасталсын, одан кейінгі баптардың нөмірлері өзгертілсін.

1.7. Келісімнің 7-бабының (жаңа редакциядағы 6-баптың) 1 тармағындағы "ғылыми-зерттеу жұмыстары" деген сөздер "ғылыми-техникалық және инновациялық жұмыстары" деген сөздермен ауыстырылсын.

1.8. Келісімнің 7-бабы (жаңа редакциядағы 6-бап) мынадай редакциядағы 2-тармақпен толықтырылсын: "Интеллектуалдық меншік, мүлік және мүліктік емес құқықтарын пайдалану, бірлескен жұмыстардың нәтижелерін енгізуден түскен пайданы бөлу мәселелерін, көпжақты ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламалар мен жобаларды іске асыру туралы тиісті шарттармен реттеледі." және осы баптың 2-тармағы 3-тармақ болып есептелсін.

1.9. Келісімнің 8-бабының (жаңа редакцияның 7-бабының) 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: "Осы Келісімді іске асыруда Тараптардың қатысуы, тұтастай, ортақ ғылыми-технологиялық кеңістікті құрудың әртүрлі бағыттары жөніндегі нақты міндеттерді шешуге, сондай-ақ мүдде елдердің көпжақты ынтымақтастық бағдарламалары мен жобаларына қатысумен тең, ол өзара тиімді және ерікті негізінде жүзеге асырылады."

1.10. Келісімнің 10-бабының (жаңа редакцияның 9-бабының) 2-тармағындағы "Атқарушы Секретариат" деген сөздер "Атқарушы комитет" деген сөздермен ауыстырылсын.

1.11. Келісімнің 12-бабы (жаңа редакцияның 11-бабы) мынадай редакциядағы 3-

тармақпен толықтырылсын: "Осы Келісімнің іс-қимылының тоқтатылуы, онымен сәйкес іске асырылатын жобаларды қозғамайды." және осы баптың 3-тармағы 4-тармақ б о л ы п с а н а л с ы н .

1.12. Келісімнің қорытынды бөлігіндегі "Атқарушы Секретариаты" деген сөздер, "Атқарушы комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

1.13. ҒТД МК туралы ереженің I-бөлімінің 1-тармағының 3-абзацындағы "Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық комитеті (МЭК)" деген сөздер "Тәуелсіз Мемлекет Достастығының Экономикалық кеңесі" деген сөздермен ауыстырылсын; "Достастық, МЭК-тің шешімдерімен," деген сөздер "Достастықтың Экономикалық кеңесінің, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын; "1992 жылғы 13 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер шеңберіндегі ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім" деген сөздер алынып тасталсын.

1.14. ҒТД МК туралы ереженің II-бөлімінің 2-тармағының 3-абзацындағы "ғылыми-зерттеулер" деген сөздерден кейін "және инновациялық-технологиялық" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

1.15. ҒТД МК туралы ереженің II-бөлімінің 2-тармағының 3-абзацындағы "ғылыми-техникалық" деген сөздерден кейін "және инновациялық" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

1.16. ҒТД МК туралы ереженің II-бөлімінің 2-тармағының 6-абзацындағы "ғылыми және технологиялық" деген сөздер "ғылыми-техникалық және инновациялық" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

1.17. ҒТД МК туралы ереженің II-бөлімінің 3-тармағының 7-абзацындағы "ғылыми-зерттеулер" деген сөздерден кейін "және инновациялық-технологиялық" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

1.18. ҒТД МК туралы ереженің II-бөлімінің 4 тармағының 2-абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "ҒТД МК мүшелеріне олардың үкіметтері ұсынған құзырет шектерінде ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;".

1.19. ҒТД МК туралы ереженің II-бөлімінің 4-тармағының 3-абзацы алынып т а с т а л с ы н .

1.20. ҒТД МК туралы ереженің II-бөлімінің 4-тармағы мынадай редакцияда 5-абзацпен толықтырылсын: "жекелеген, ғылыми-технологиялық және инновациялық ынтымақтастықтың ең маңызды бағыттары жөнінде тұрақты және уақытша жұмыс о р г а н д а р ы н құ р у ы м ү м к і н ;".

1.21. ҒТД МК туралы ереженің III-бөлімінің 5-тармағындағы "ғылыми-техникалық" деген сөздерінен кейін "және инновациялық" деген сөздермен толықтырылсын; "ғылыми-техникалық ынтымақтастық мәселелеріне жетекшілік ететін МЭК алқасы төрағасының орынбасары" деген сөздер "ғылыми-технологиялық ынтымақтастық мәселелеріне жетекшілік ететін ТМД Атқарушы-хатшысы - Атқарушы комитеті төрағасының орынбасары" деген сөздермен ауыстырылсын.

1.22. ҒТД МК туралы ереженің III-бөлімінің 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: "ҒТД МК-нің мәжілістері Келісімге қатысушы мемлекеттерде кезек бойынша жүргізіледі. ҒТД МК-нің мәжілістерін өткізу жөніндегі шығыстарды оның аумағында ҒТД МК-нің мәжілісін өткізетін (қабылдаушы тарап) Келісімге қатысушы мемлекет көтереді. ҒТД МК мүшелерінің іссапарлары жөніндегі шығындарды Келісімге қатысушы жіберуші мемлекет көтереді. ҒТД МК мәжілісі қажеттілігіне қарай , бірақ жылына бір реттен кем емес және қабылдаушы тараптың ұсынысы бойынша ҒТД МК белгілейтін мерзімде және орында өтеді."

1.23. ҒТД МК туралы ереженің III-бөлімінің 8-тармағының 1-абзацындағы " шарттары" деген сөз "принципті негізінде" деген сөздермен ауыстырылсын; "оның регламентімен" деген сөздер "оның жұмыс регламентімен" деген сөздермен ауыстырылып және "ҒТД МК шешімі бұл кезеңде сұрау жолымен қабылдануы мүмкін" деген сөйлеммен аяқталсын.

1.24. ҒТД МК туралы ереженің III-бөлімінің 8-тармағының 2-абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "ҒТД МК-нің төрағасы немесе оның тапсырмасы бойынша ҒТД МК мүшелерінің бірі Ғылыми-технологиялық ынтымақтастық саласындағы құжаттар жобаларын қарау кезінде кеңесші дауыс беру құқығымен ТМД Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссия мәжілісіне қатысады."

1.25. ҒТД МК туралы ереженің III-бөлімінің 9-тармағындағы "МЭК-пен келісімі бойынша" деген сөздер алынып тасталсын.

1.26. ҒТД МК туралы ереженің III-бөлімінің 10-тармағындағы "МЭК" деген сөз "ТМД Экономикалық кеңесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

1.27. ҒТД МК туралы ереженің III-бөлімінің 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: "ҒТД МК-нің атқарушы органының функциясы ТМД Экономикалық кеңесімен бекітілген, ол туралы Ереженің негізінде әрекет ететін Мемлекетаралық ғылыми-техникалық кеңеске (бұдан әрі - МҒТК) жүктеледі".

1.28. ҒТД МК туралы ереженің III-бөлімінің 12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: "ҒТД МК мен МҒТК-тің жұмыс аппаратының функцияларын ТМД Атқарушы комитеті департаментінің бөлімшелері орындайды.

Осы кезде ҒТД МК-нің қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз етумен байланысты функцияларын МҒТК-нің жауапты хатшысы орындайды."

1.29. ҒТД МК туралы ереженің III-бөлімінің 13-тармағының бірінші абзацындағы "іссапарға" деген сөз "жіберуші" деген сөзбен ауыстырылсын; екінші абзацтағы "МЭК аппараты жүзеге асырады" деген сөздер "егер өзгелер ҒТД МК және МҒТК шешімдерімен көзделмеген болса, қабылдаушы тараптың атқарушы билік органдары аппаратымен бірлесіп, ҒТД МК мен МҒТК-тің жұмыс аппараты ұйымдастырады."

1.30. ҒТД МК туралы ереженің III-бөлімінің 14-тармағының екінші абзацындағы "ғылыми-техникалық" деген сөздерден кейін "инновациялық" деген сөз қосылсын.

1.31. ҒТД МК туралы ереженің қорытынды бөлігінде "Экономикалық одақтың

Мемлекетаралық экономикалық комитеті" деген сөздер "ТМД Экономикалық кеңесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Хаттама қол қойған Тараптар оны күшіне енгізу үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы үшінші жазбаша хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

Қажетті рәсімдерді кешіктіріп орындаған Тараптар үшін ол депозитарийге тиісті жазбаша хабарламаны сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Осы Хаттаманы қолдану мен түсіндіруге қатысты даулы мәселелер консультациялар мен келіссөздер жолымен шешіледі.

2001 жылғы 16 наурызда Мәскеу қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол оның куәландырылған көшірмесін осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке жібереді.

*Әзербайжан Республикасының
Үкіметі үшін*

Молдова Республикасының

*Армения Республикасының
Үкіметі үшін*

Ресей Федерациясының

*Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін*

Тәжікстан Республикасының

Грузия Үкіметі үшін

Түрікменстан Үкіметі үшін

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Өзбекстан Республикасының

*Қырғызстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Украина Үкіметі үшін

1995 жылғы 3 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ортақ ғылыми-технологиялық кеңістігін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Хаттамаға Әзербайжан Республикасының ЕРЕКШЕ ПІКІРІ

Әзербайжан Республикасы Достастыққа қатысушы мемлекеттердің ортақ ғылыми-технологиялық кеңістігін құруымен байланысты атқарушы және жұмыс органдарының қызметіне қатысудан қалыс қалады және ТМД-нің шеңберінде бұрын қабылданған келісімдер мен осы шешімдерге ерекше пікір сақтайды.

Әзербайжан Республикасы

Премьер-Министрінің бірінші орынбасары,

Экономикалық кеңестің мүшесі

ТМД Экономикалық кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі 15.5-тармағы бойынша Украинаның ұсынысы

"1995 жылғы 3 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ортақ ғылыми-технологиялық кеңістігін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Хаттама туралы"

2001 жылғы 16 наурыз

Хаттама жобасына мынадай өзгеріс енгізсін:

1.27-тармақтағы "ТМД Экономикалық кеңесі бекітетін" деген сөздер алынып тасталсын.

Делегация басшысы, Украинаның

Бірінші вице-премьер-министрі

Осыменен қоса беріліп отырған мәтіннің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер үкіметтерінің тапсырмасы бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесінің мәжілісінде қабылданған (Мәскеу қаласы, 2001 жылғы 16 наурыз) 1995 жылғы 3 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ортақ ғылыми-технологиялық кеңістігін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Хаттама көшірмесі мен дәлмә-дәл болып табылатынын куәландырамын. Жоғарыда аталған Хаттаманың түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

*ТМД Атқарушы хатшысы -
Атқарушы комитеті төрағасының*

бірінші орынбасары